

**«Берекелі Алтын
күз» ертеңгілігінің
жоспарлары**

2023ж

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



Бекітімнің:

Балабақша менгерушісі:
С.Мухашова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева



Берекелі Алтын күз!

/алтын күз мерекесіне арналған көрме/

№1 «Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиешілер: А.Ешмахан
С.Маханбетова



07.11.2023 жыл

«Берекелі Алтын Күз!»

Балалар күзгі әуенмен залға кіреді.

Ағаш ортаға келіп:- Сәлеметсіңдер ме менің кішкентай сары жапырақтарым!

Менің бар жапырақтарым түсіп қалыптығой, мен ренжулімін сендерге.

Жүргізуши:- Армысыздар, құрметті қонақтар! Сәлеметсізбе Ағаш ханым және кішкентай сары жапырақтар! Берекелі Алтын күз құтты болсын!

- Ағаш ханым сіз неге ренжулісіз?

Ағаш: -Менің бар жапырақтарым маған ренжіп сарғайып, жерге түсіп қалыпты, менің көніл-күйім содан жоқ.

Жүргізуши: -Ағаш ханым саған жапырақтар ренжулі емес, қазір жылдың күз мезгілігі. Күз мезгілінде табиғаттың құбылысы бойынша жапырақтар сарғайып, жерег түседі. Келер жылды, көктем мезгілінеде қайта саған жапырақтарың, жапжасыл түспен саған қайта оралады, сен көнілінді түсірме.

Ағаш: - Алақай распа! Олай болса жарайды. Маған жапырақтарым қайта оралса мен көнілімді түсірмейін.

Жүргізуши: -Ағаш ханым онда сен бізбен бірге ән айтып, би билеп, ойын-ойнап көніл көтерсөнші.

Ағаш:- Жарайды, менің жапырақтарым да ойнаса болады ма?

Жүргізуши:- Эрине болады.

Құтты болсын осы шаттық күніміз,

Бақытты да ұзак өмір сүріңіз.

Куанышты жүзінізбен әрдайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

Бүгінгі біздің «Берекелі Алтын Күз!» атты ойындар алаңына қош келдіңіздер!

Жүргізуши:- Балалар ойын ойнаймыз ба?

Балалар өз тандаған орталықтарына бөлінеді

1 орталық- «Сыйқырлы ағаштар»

Шарты: түрлі-түсті ағаштарға өз түс жапырақтарын орналастырады.

2 орталық- «Жапырақтар ізін тап»

Шарты: жапырақтар көлеңкесіне сәйкестендіріп орналастырады.

3 орталық-«Көңілді жемістер мен көкеністер»

Шарты: түрлі-түсті жемістер мен көкеністерді өз тұс домалақтарға салады.

4 орталық-«Сыйқырлы пішіндер»

Шарты: балалардың алдына берілген суреттерге пішіндерін сәйкестендіріп суретті құрастырады.

Жүргізуши: -Жрайсындар балалар!

Залда әуен ойнап ортаға Алтын күз келеді.

Алтын күз: -Сәлеметсіндер ма, балалар! Мен Алтын Күзбін! Ормандарды, тауларды аралап, барлық жерді сары, коңыр бояуға боядым! Құстарды жылы жақтарға шығарып салдым! Міне сендерге де келіп жеттім, мерекелерің құтты болсын!

Жүргізуши:- Рақмет сізге Алтын Күз! Ал біздің балалар сізге «Жапырақтар» биін билеп береді.

Алтын Күз: -Ой қандай тамаша. Олай болса тамашалайық.

Би: «Сары жапырақтар»

Жүргізуши:- Балалар Алтын Күзбен ойын ойнайды ба?

Ойын: «Сәйкестендір»

Шарты: Жердегі түрлі –түсті жапырақтарды, балаларға берген доптардың түстерімен сәйкестендіріп тауып алу.

Жүргізуши:-Бүгін мейрам, бүгін той,

Куанышты күн біліп қой.

Күзгі бақтай сыңғырлап,

Алақанды соғып қой.

Ән: « Кап, кап-тук, тук»

Жүргізуши:-Ендігі кезекті Ағаш ханм және Алтын Күз ханшайм балаларымымен ойын ойнайды.

Ойын: « Сурет құрастыру» деп аталады

Шарты: Алдарыңыздағы берілген стакандарға түрлі-түсті қағаздан суреттер құрастыру.

Жүргізуші: Біздің тағы бір қызықты ойынымыз бар, соны ойнаймыз ба?

Балалар: Йә

Ойын: «Көңілді бейнелр»

Шарты: Қара түсті матаға түрлі заттарды қойып, ұнмен себелеп бейнені шығару.

Шыққан бейне суретін балалар танып, атау.

Жүргізуші: Көктен көзін бір алмай,

Кызылт тартты кәрі күз.

Жер қызығын қия алмай,

Маужырап тұр сары күз дей келе бүгінгі шарамызға келгендеріңізге көп рақмет! Бүгінгі «Берекелі Алтын Күз» көңілді ойындар мерекелік шарамыз осымен аяқталды. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

Берекелі алтын күз



№1 "Айгөлек"
қіші тобы
Тәрбиешілер:
А.Ешмахан
С.Маханбетова

№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы КМҚҚ

Бекетемін: 
Балабақша менгерушісі:
С.Мухашова.

Тексерілді: 
Балабақша әдіскери:
А.Шуиншалиева

«Берекелі алтын күз!»

(Мерекелік іс-шара)

№2 «Ақбота» кіші тобы
Тәрбиеші: Өтеген С. Аblaева В.

2023ж

«Ақбота» кіші тобының «Берекелі алтын күз!» атты мерекелік іс-шараның сценариі.

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй сыйлау. Шығармашылық ой - қиялдарының дамуына ықпал ету.

Жүргізуши :

Қуаныштың ағайын
Қоңырауын қағайын
Қуандырып біздерді
Өлкемізге күз келді!
Құрметті ата-аналар

«Ақбота» кіші тобының «Берекелі алтын күз!» атты мерекелік іс-шараға қош келдіңіздер. Енді алғашқы сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Сәуле Мырзабайқызының жылы лебізін тыңдасақ.

Айнала сары ала
Қырманға дән тола
Жемістері пісіпті
Қоймаға кеп түсіпті! Дегендей ата аналарымыздың дайындаған көрмесін таныса отырыңыздар.

Сән үлгісі

«Ақбота» кіші тобының бұлдіршіндерін қошеметпен қарсы алайық.

Балаларды біртінде ортаға шақырамыз

Ортаға Күз ханшайымын шақырамыз.

«Бала тілі -бал» сұрақ жауап әдісі.

Жүргізуши:

Ендеңе не тұрыс
Болмасын жан қалыс
Тойлайық, күлейік
Қуанып билейік!
Би "Қырманға кел қалқатай"
Ұлдарымыздың биң тамашалайық
Ойын: «Жемістер мен доптар»

Шарты: жерде шашылған жемістерді себетке, доптарды шелекке жинату.

Тәрбиеші:

Қыздарымыздың билерін тамашалайық
«Кап кап» би.

Жапырақтар күздің көркі
Ойланайық, толғанайық
Күз туралы әнге еріп!
Алтын күзді біз тойлайық

Ойын: «Жемістер мен көкөністерді орналастыр»

Шарты: Жоғарғы қатарға алманы орналастыру, ортаңғы қатарға сәбіздерді орналастыру, төменгі қатарға картоптарды орналастыру.

Күз ханшайымы баларға ойын ойнатады «Жапырақтарды жинау»

Сосын күз ханшайымы балалармен қоштасып шығып кетеді.

Тәрбиеші: Күз тойын осыменен тамамдайық

Тағы да жомарт күзге ат салысып көмектескен аналарымызды мың алғыс!

Ата-ана тілегі:

Ең үлкен әжеден бата сұрау

осымен бүгінгі іс шарамызды қорыта келе келесі мерекеде кездескенше аман сау болайық.



Берекелі алтын күз



№2 "Ақбота" Тәрбиешілер:
В.Аблаева
С.Өтеген
кіші тобы

№11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы



Тексерілді:

Балабақша әдіскері
А.Шуиншалиева

«Берекелі алтын күз»

«Жауқазын» кіші тобы

Тәрбиешілері: Көшербаева А

Исаева Қ

2023 ж

Тақырыбы: «Берекелі алтын күз»

Міндеті: Балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру. Жемістер мен көкөністердің дәмін тату арқылы ажырату.

Ресрустар: көрме, слайд, алма, алмұрт, жапырақ муляждары, себеттер, қолшатыр.

Жүргізуши: - Қайырлы күн! Армысыздар, құрметті ата - аналар мен ардақты қонақтар! Ел байлығын арттырған, берекелі күз айы да келді. Бүгінгі «Берекелі Алтын күз!» ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Ертеңгілігізді бастау үшін балабақшамыздың менгерушісі **Сәуле мырзабайқызына** сөз кезегін берейік!

Жүргізуши:

Берекелі, мерекелі,
Келді жомарт алтын күз.
Қалада да, далада да,
Жаның бәрі жарқын күз.

-Балалар, бізге қонаққа Күз ханшайымы келемін деп еді, қане күз ханшайымы жолда келе жатқан шығар, алақанымызды соғып қарсы алайық!

Балалар Күз ханшайымын қол согып қарсы алады.

(Шіке сары киім киген Күз ханшайымы қолындағы себетімен музыка әуенімен кіріп келеді.

Күз ханшайымы:

Алтын түске боялды,
Тау мен қырқа дала, түз.
Келдім міне ортаңа,
Менің атым Алтын күз!

- Сәлеметсіндер ме, балалар? Қарандаршы, айналаның бәрін алтын түске бояп та қойдым. Қандай тамаша! Барлығы сары түске боялған.

Жүргізуши: Қош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет! Біз сізді асыға күттік.

Күз ханшайымы: Балалар, сендер қандай әдемісіндер. Мен сендермен бірге ән айттып, би билеп, ойын ойнаймын.

Ойын: «Дәміне қарай ажырат»

Міндеті: Жемістер мен көкөністің дәмін тату арқылы ажырату.

Шарты: Балалардың көзін жұмып аузына алма, жүзім, қияр, банан жемістері мен көкөнісін саламыз. Бала жеп болып қандай жеміс, қандай көкөніс жегенін атайды. Және де дұрыс болуы үшін экраннан суреті шығады.

Біздің қыздарымыздың күз мезгіліне арналған «Жау-жау жаңбыр» биін тамашаланыздар.

БИ: «Жау-жау жаңбыр» Билейтіндер: «Жауқазын» тобының қыздары

Күрметті ата-аналар, апайлар біздің бұлдіршіндеріміздің өнерлеріне қол шапалақтап отырыңыздар.

Балалар олай болса біз енді Күз ханшайымымен бірге ойын ойнайықшы.

Ойын: «Ажырат»

Міндеті: Жемістер жапырақтарды өз себеттеріне салуға үйрету.

Шарты: Жерде алма, алмұрт, жапырақтар муляждары шашылдып жатады. Үш жерде алма, алмұрт, жапырақ суреттері бар себеттер тұрады. Балалар көнілді әуенмен әр себетке өз заттарын салады.

Балалармен ойналатын келесі ойынымызды ойнайық.

Ойын: «Кім шапшаң?»

Міндеті: Балалардың шапшандыққа, ептілікке, тиянақтылыққа, тапқырлыққа баулу.


Шарты: Жерде аю, тұлкі, қоян, алма, банан, қияр, т.б. суреттері жатады. Көнілді әуенмен балалар билейді. Музыка тоқтаған кезде балаларға бір суреттің аты аталады. Баллар соны жылдам тауып үстіне тұра қалу керек.

ХОР: «Кап-кап»

Жүргізуші-Берекелі, мерекелі жомарт күздің сыйы әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын. Еліміз аман болып, заманымыз тыныш болсын. Осымен біздің күз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

"Жауқазын" кіші тобы

"Жауқазын" кіші тобы



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



Бекітемін:

Балабакша мемлекеттік міністри:

С.Мухашова

Тексерілді:

Балабакша әдіскері:

A handwritten signature in black ink, appearing to read 'А.Шуиншалиева'.

A.Шуиншалиева

Ертеңгілік

«Берекелі алтын күз»

№4 «Балапан» кіші тобы

2023 жыл

Ертеңгілік

«Берекелі алтын күз»

Міндепті: Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру.

Қимылды ойындар арқылы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Ресурстар: «Күз ханшайымы», жапырақтар, муляждар, көрме.

Барысы

Әсем безендірілген зал. Көңілді музика ойналып тұрады.

Бастаушы:

Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Кел, жемісті алтын күз,

Кемелденсін халқымыз!

Құрметті қонақтар, «Балапан» кіші тобының «Берекелі алтын күз!» атты ертеңгілігін ашып беру үшін сөз балабақша менгерушісі Мухашова Сәуле апайға беріледі.

Көңілді музика ойналып, ортага күз ханшайымы шығады.

- Сәлеметсіндер ме, балалар! Ой, балалар барлығың әдемі болып келіпсіндер. Менің барлық жеміс-жидектерім «Балапан»тобында екен ғой. Олай болса, барлығымыз билейікші.

«Жапырақтар» би.

Күз ханшайымы:

- Жарайсындар, балалар! Енді менің жеміс-жидектерімді жинап бересіндер ме?

Ойын: «Жеміс-жидек жинау»

Шарты: Балалар екіге бөлінген жеміс-жидектерді құрастырады.

Күз ханшайымы:

- Жарайсындар, балалар! Бәрің де ақылды, талантты балалар екенсіндер.

Күз ханшайымы ортада себетіндегі жапырақтарын шашып алады.

- Балалар, мен жапырақтарымды шашып алдым. Енді бұларды қалай жинаймын?

Бастаушы:

- Қамықпа, күз ханшайымы! Біздің балалар сізге жапырақтарды жинауға көмектеседі. Солай ма балалар?

Ойын: «Жапырақ жинау»

Шарты: Балалар жапырақтарды жинап күз ханшайымының себетіне салады.

Күз ханшайымы балаларга ризашылығын білдіреді.

Бастаушы:

- Күз ханшайымы, біздің балалардың ата-аналарымен бірге жасаған көрмесі бар.

Көрмені таныстыру.

Корытынды

- 1) Балаларды мадақтап, қуанышты ҳабарлама тарату.
- 2) Қонақтардың игі тілектері.
- 3) Аяқтау.

Берекелі алтын күз

№4 "Балапан" кіші тобы



Тәрбиешілер:
М. Кемалова
Ә. Сарбалаева



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітімін:

Балабақша менгерушісі:

С.Мухашова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А.Шуниншиева



Берекелі алтын күз!

/алтын күз мерекесіне арналған ертеңгілік/

«Ертөстік» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Л.Бердіжарова

10.11.2023 жыл

«Берекелі Алтын Күз!»

Жүргізуши: Қайырлы күн, әріптестер!

Ел байлығын арттырған берекелі күз айы да келді.

Мінеки, күз де келді. Жапырақтар сарғайыш, жерге түсіп, күн сұыта бастады. Бүгінгі біздің «Ертөстік» тобының «Алтын күз» мерекесіне арналған ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Жүргізуши: Біздерде ойын сауық басталады

Тамаша би билейді, ән болады.

Қошеметтеп қол соғып отыралық

Ұмытарсыз күні бойғы шаршағанды-дей отырып балалардың кезекті «Сән шеруіне» кезек береміз.

/музыка қосылады/

1. Нуриман мен Болат Әмина
2. Арсен + Раяна
- 3.Ислам+ Айқөркем
- 4.Ердәulet+Раушан
5. Ж.Арсен +Жаннур
6. Айсұлтан мен Әмина
- 7.Рамазан мен Аягөз
- 8.Сұңқар мен Ақжан
- 9.Еламан мен Дінмухаммед
- 10.Қадияр мен Мадия
- 11.Нұрсұлтан мен Каусар
- 12.Хан мен Әдемі-ай
- 13.Ернұр мен Мариям

Кәнекей Алтын күз мерекесіне жаттаған тақпақтарымызды айтып жіберейік.

Сап-сары маңай

Сап-сары тоғай

Б.Әмина

Соңғы әнін айтып

Күс кетті қайтыш

Күздің қазан айында

Алма алмұрт піседі

Нуриман

Жапырақтар сарғайыш

Сыбдыр-сыбыр етеді.

Қамба толды астыққа

Алғыс саған алтын күз **Б. Арсен**

Бір уыс дінді шаштықта

Қап-қап қауын алдық біз

Алақай,алақай!

Шаттанды балақай

Раяна

Күз түсті дән пісті

Айтамыз алғысты

Келді міне күз

Айнала сары тұс

Ислам

Керемет тамаша

Қандай әсем күз

Алқаптан бидайды

Қоймаға ел жинайды

Айкөркем

Тырнасы тізілген

Ұнатамын күзді мен

Айнала жым-жырт

Көк аспан сұрғылт

Ердәulet

Жер жыртқан тыңда

Трактор қырда

Күн сұтыш, жапырықтар түседі

Астық жеміс жиылды

Раушан

Қамбамызға құйылды

Жапырак ұшты

Суықта түсті

Сонда да бізге

Қызық көп күзде

Ж.Арсен

Құстар қайтты ән салыш

Бұл шарлады аспанды

Жаннұр

Құс келеді жар салыш

Күзгі суық басталды

Жетті желмен алтын күз

Жеміс жинау салтымыз

Айсұлтан

Жиып теріп болған соң

Той жасайды халқымыз

Жапырақтар сарғайыш

К.Әмина

Сыбыр-сыбыр етеді

Ойын: «Кім жылдам»

Мақсаты: Елтілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Би: «Жапырақтар»

Топтың барлық баласы билейді.

Хор: «Күз, күз, күз»

Рамазан, Сұнқар, Ақжан, Қасқырбек Әмина, Аягөз, Әдемі-

ай, Еламан, Хан, Кәусар, Қайдар, Ернұр, Дінмұхаммед

Бұлдіршіндеріміз бар екен ортаға шақырсақ.

Сап-сары ғып даланы
Бояптығой күздеген
Құстар қанат қағады
Коштасқандай бізбенен

Ақжан

Алтын-сары қызыл көк
Алуан-алуан жапырық
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап

Әдемі-ай

Думан толы аскарлы
Күз мезгілі басталды

Кәусар

Жеміс-жидек пісті
Қамбаға астық түсті

Аягөз

Жеміс мол теретін
Күз дос еken бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт деген күз еken

Қайдар

Күз байлық береке
Алтын күз мереке

Ернұр

Көрініп еліме
Күндері мереке
Келдігой жеріме
Күз дейтін мереке

Дінмұхаммед

Берекесін сыйлауга
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауга
Шақырады біздерді

Рамазан

Күзім-ау күзім-ау
Мінезің бұзық-ау
Жаңбырың сіркіреп
Келгенің қызық ау

Еламан

Күз келді алақай
Алтын келді далаға
Дәні бітік бидайды
Құйып жатыр қамбаға

Хан


Келді міне күз
Айнала сары тұс Нұрсұлтан
Керемет тамаша
Қандай әсем күз

Сарғайды тогай
Сап-сары маңай Сұнқар
Соңғы әнін айтып
Құс кетті қайтып
Ойын: «Суреттен таны»

Жүргізуши:-Бұгін мейрам, бұгін той,
Куанышты күн біліп қой.
Күзгі бақтай сыңғырлап,
Алақанды соғып қой.
Ән: « Кап, кап-тук, тук»

Жүргізуши: Көктен көзін бір алмай,
Қызылт тартты кәрі күз.
Жер қызығын қия алмай,
Бұгінгі «Берекелі Алтын Құз» мерекелік шарамыз осымен аяқталды. Келесі
кездескенше қош сау болыңыздар!

Берекелі алтын күз





«Сейтімін»
«Балапан» бөбекжай
балабақасының меңгерушісі
Муханова С Руф

«Келісемін»
«Балапан» бөбекжай
балабақасының жіскеρі
Шунишалиева А Алжар

«Берекелі Алтын күз»

(Ертеңгілік)

Тәрбиешілер: Амантайқызы Ф
Сейтова Г

2023 оку жылы

«Берекелі алтын күз»

Музыка залы мерекеге сай безендірілген. Жүргізуші кіреді.

Жүргізуші:

Қуандырып біздерді

Мерекелді күз келді.

Кел жемісті алтын күз,

Кемелденсін ел енді.

Күрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттыраған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Берекелі Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз..

Балалар музыкалық әуенмен акт залға кіреді.

Балалар айналаға қараңдаршы! Мерекеге сай безендірілген және сендерде әдемі болып тұрсындар. Олай болса балалар ендігі сез кезегін балабақшамыздың менгерушісі Сәуле Мырзабайқызына беріледі.

Жүргізуші: Рахмет апай!

Олай болса балалар көңіл күйлерің қалай?

Тамаша

Ендеше мен сендерге сұрақ қояйын жауап бересіндер ме?

Иә

Қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілі

Күз мезгілінде неше ай бар?

3 ай

Күз мезгілінің айларын атап беріңдерші?

Қыркүйек, казан, қараша

Күз мезгілінде нелер піседі, атап берейікші?

Алма, қауын, қарбыз, т.б

Жүргізуші: Олай болса балалар, ендігі кезекте хор «Күз мезгілі»

Жарайсындар балалар!

Хор : «Күзгі жаңбыр»

(балалар өз орындарына отырады)

Жүргізуші Балалар бізге сонау алыстан «Кұз ханшайымы» келіпті

(осы кезде себетке толы жемістері бар «Кұз ханшайымы» билеп кіреді.)

Кұз ханшайымы: Сәлеметсіздерме балалар! Сәлеметсіздерме қонақтар

Балалар: Салеметсізбе!

Кұз ханшайымы: Уа халайық, дархан далам армысың!

Табиғатым жаны жайсаң тал мұсін.

Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,

Алмақ болып бар халқымның алғысын.

Мен күзгі ханшайымын сендерді көргенімे куаныштымын. Мен сендерге сонау алыстан «Балдырған «тобына арнайы келдім. Маған өнерлерінді көрсетесіндерма?

Балалар: Ия

Жүргізуші: Хош келдің Кұз ханшайымы! Тәрлет. Біздің балалар әнде, тақпақта, биде билей алады. Біздің балалардың барлығы ақылды.

Кұз ханшайымы: Ондай болса балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын

Ағайынды бәрі,

Шықса – жасыл

Тұссе – сары. Бұл не?

Балалар: Жапырак.

Жүргізуші: Эн салындар күліндер,

Жайнап гүлдей жүріндер.

Күздің тойын тойлайық,

Би-билийік ойнайық.

Би «Қолшатыр»

Жүргізуші: Ендігі кезекте балдырған тобының ата аналарымен бірігіп жасаған көрмесін тамашалайық.

Жүргізуші: Ал, балалар өнерімізді көрсетіп, мерекені тойлайк.

Ойын



«Кім жылдам».

Жүргізуші: Балдырған тобының сулу қыздары сән улгісін тамашаланыздар

Би.Балдырған тобының балалары

Жүргізуші: Кане балалар шенбер болып тұрып әнімізді орындаап берейік

«Куз, Куз, Куз»

Жүргізуші: Куз ханшайымы сізге біздін балалардың өнері үнадыма?

Күз ханшайымы: Ия өте өнерлі балалар екен.

Күз ханшайымы:

Берекелі бақ-дәulet

Арта түссін тойланып,

Сау болындар, балалар


Келгенше жыл айланып.

Осы кезде әуен ойналады, Күз ханишаймы қоштасып кетеді.

Балалар: Қош бол Күз ханшайымы!

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдаға, көкеністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне балалар осымен «Берекелі Алтын күз» атты ертенгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт-береке тілеймін.

Берекелі алтын құз



"Балдырган"
ортанғы тобы

№11 «Балапан бөбекжай -балабақшасы

Бекітемін:

балабақша менгерушісі: С Мухашова



**«Берекелі алтын күз»
ертеңгілігінің сценарийі**

Тәрбиешілер:Исатаева Ж. Маханбетова Ж

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Берекелі алтын күз!»

Міндеті: Балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігіндамыту.

Балалар музыкамен залға келіп орындықтарға жайғасады

Залға аула сыпырушы апа қеліп

Аула сыпырушы апай: Жердегі жапырактарды сыпырып жүреді. «Мен қатты шаршадым, мына жерді жинауға кім көмектеседі еken? Кім шығады еken, қане балалардың арасынан шығып кім көмектесер еken?

«Кім тез жинайды» Ойынын ойнатады

(Мансұр Нұрдаulet. Эбілхан. Эли-Қожа, Айша)

Хор; «Күз тамаша»

Жүргізуши: Бүгінгі «Берекелі алтын күз» ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Ертегілігімізде «күз ханзадасы мен күз ханшайымы» сайсыны ұйымдастырылуда. Алдымен әділқазы мүшелерін сайлап алайық! Әділқазы мүшелерін сайлау!

Диңшетекшісі: Жекенов М.Музаж Шайзадаева с, п\ұйымдастырушы Өтепберген А

Сайыста өздерін таныстыру үшін ортаға қатысушы балаларды шақырамыз

3 жұп өздерін таныстырады

1 Дидар мен Айша \Бейнеролик бойынша\

2 Абдул-Ислам-Эсманур \Бейнеролик бойынша\

\Соңынан өздері жай сөзben таныстырып айтады.\

3 Димаш:

Армысыздар өнер сүйер халайық

Алдыменен сәлемдесіп алайық

Дінмұхаммед ханзада мен боламын

Күз апайшы
Димаш
Пашханаш
Касым
Дінмұхаммед
Ханзада

Жиціл
Димаш
Димаш
Ханзада

Өнерім бар өз жасыма лайық
Сұлтан-Айнүр- әкем,анам,сұрасаңыз
Білім,өнермен біз қыр асамыз
«Алтын күз»мерекесі құтты болсын
Ата-аналар,балалар мың жасаңыз

Кәусар:

Армызыдар ағайын,амандасып алайын
Атым менің Кәусар,мақтануға лайық
Рұым менің Шөмекей ішіндегі Бозғұлы
Әкем аты Ануарбек,анам аты Нәбира
Немересі Аманбектей атаның,
Әжем менің Қызылгұл
Ұстаздарым Жанат пен Жадыра

Жүргізуші: Сайысқа қатысушы балалар келесі турға дайындалғанша біздің «Балбебек»тобындағы ер балалардың «Қырманшылар» биіне кезек берейік «Қырманшылар» биі

Қасиет

Ақсұнқар

Алинүр

Димаш О

Арсен

Жомарт

Жүргізуші; Ендігі кезекте «Күз ханзадасы мен күз ханшайымы» сайысына қатысушылардың өз өнерлерін тамашалайық

1 Айша «Қобыланды батыр жырынан үзінді»

Дидар «Мен Қазақпын» әні

2 Абдул-Ислам. Эсманур «Кен мен барби би!»

3 Димаш пен Кәусар « Қошақаным» әні

Жүргізуші; Олай болса біздің қатысушыларымыз кезекті өнерлері дайын болам дегенше «Балбебек» тобының биші қыздарын ортаға шақырайық

Би «Күзгі баққа саяхат»

Орындайтындар;

Аяла

Әсем

Айгерім

Гүлназым

Жанерке

Альбина

Рауза

Жүргізуші: Сайысқа қатысушы балалардың Көрмеге дайындаған бұйымдарын таныстырайық

1 Дидал мен Айша

2 Абдул-Ислам-Эсманур

3 Димаш- Кәусар

\Көрмеге дайындаған бұйымдарын таныстыру

Жүргізуші; Сайысқа қатысатын балалар сән үлгісіне дайындалғанша кезекті балалардың тақпағына берейік

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта құлімдеп,
Көз тартады атырап.

Айгерім

Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай! Арсен
Күз тұсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз Жомарт
Бір уыс дән шаштық та,
Қап - қап қауын алдық біз.

Көк майсалы көрікті
Алқаптағы көп егін Жанерке
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін.

Жел тынымсыз гуілдеп,
Болып кетті тым бұзық.
Шуылдайды тал, терек,
Жапырағын жұлғызып.

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды,
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.

Қарашы күз келді, күз келді
Жапырақ жауыпты іздерді Рауза
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабагын түйеді.

Жапырақ ұшты,
Суық та тұсті.
Сонда да бізге, Әли-Қожа
Қызық көп күзде.

Жүргізуші: «Сән үлгісі» турына кезек береміз

1 Дидар мен Айша

2 Абдул-Ислам-Эсманур

3 Димаш- Кәусар

Жүргізуші: Сайыстың барлың турлары аяталды енді әділқазылар шешім шығарғанша балалардың тақпақтарына кезек берейік

Жекті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз. **Димаш О**
Жиып - теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.

Көрініпеліме
Күндерімереке.
Келдійжерімеб^{Линұр}
Күздейтінмереке.

Жеміс мол теретін
Күз дос еken бізбенен **Қасиет**
Бәрін тауып беретін
Жомарт еken күз деген

Келдімінекүз, **Альбина**
Айналасарытұс.
Керемет, тамаша,
Қандайәсемкүз.

Жеміс-жидекпісті,
Қамбағаастықтусті.
Қызужұмысбасталып,
Жинапалдыжансалып.

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық – ау **Әсем**
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық – ау

Сап - сарығыпдаланы,
Бояптығойқұздеген. **Аяла**
Құстар қанат қағады,
Қоштасқандай бізбенен.

Ақтарады мырза күз
Уылжыған жемісті
Күзге бізде ризамыз
Аянбаган ел үшін

Әбілхан



Нұрға бөлеп өмірді,
Жырға бөлеп көңілді,
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді.

Мансұр

Жүргізуші: « Күз ханшайымы мен күз ханзадасы» сайысы мәресіне жетті

Сайыстың қортындысын айту үшін әділқазылар мүшелеріне сөз береміз
Осымен бүгінгі «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды

Mer. Alegzad



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

«Берекелі алтын күз»

№8 «Құлагер» ересек тобының
алтын күз мерекесіне үйымдастырылған
іс-шарасы

Тәрбиеші: Бердіжарова Л.
Ешмахан А.

2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Берекелі алтын күз»

«Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023» (сайыс)

Мақсаты: Балаларға күзгі табиғаттың ерекшелігін білдіру. Балалардың білімін, тапқырлығын, іскерлігін бақылап, сарапқа салу.

Ұйымшылдығын, өз ойларын, өнерлерін ортаға салып, көрсете білуге тәрбиелеу. Табиғатты, қоршаған ортаны, Отанын сүюге тәрбиелеу.

Өтілу барысы:

Жұргізуши: Қайырлы күн, әріптер! Армысыздар, кішкентай бүлдіршіндер!

Ел байлығын арттырған берекелі күз айы да келді. Күзді күрметтеп, қуаныш пен қарсы алайық!

Жұргізуши: Біздерде ойын сауық басталады

Тамаша би билейді, ән салады.

Қошеметтеп қол соғып отыралық

Ұмытарсыз күні бойғы шаршағанды-дей отырып «Күз ханшайымы мен ханзадасы» атты сайысмызды бастаймыз.

Олай болса, бүгінгі «Күз ханзадасы мен ханшайымы» атты байқауымызға қатысатын үміткерлерді қошеметтеп ортамызға шақырамыз!

Қарсы алыңыздар! (жеребе тасталады)

1-жұп:

2-жұп:

3-жұп:

4-жұп:

5-жұп:

6-жұп:

Жұргізуши: «Күн ханзадасы мен ханшайымы» байқауының үміткерлеріне ақ жол тілеп, қошемет көрсетіп отырыңыздар, күрметті көпшілік!

Жұргізуши:

Кімдер жүйрік, өнерпазды білейікші,
«Ханзада мен ханшайым» деп жүрейікші

Әділқазы алқасынан әділдікті

Ал, балалар сәттілік тілейікші! – деп сайысмызға әділ бағасын беріп, төрелік жасайтын әділқазы алқасымен таныстырайық!

1.Әділқазы төрайымы

2.Мүшесі

3.Мүшесі

Жұргізуши: Ендеше, бүгінгі сайысмыздың бағдарламасымен таныс болыңыздар!

Бағдарламамыз 4 кезеңнен тұрады:

1-кезең: Таныстыру (жұптық таныстыру)

2-кезең: «Өнерлі өрге жүзеге» (өз өнерлерін көрсету)

3-кезең: Сән әлемінде (сән үлгісі, жаңаша түрде)

4-кезең: Шебер қолдар (қолөнер)

Жұргізуши: Хор: «Күз келгенде»

Іңкәр

Келді міне күз,
Айнала сары тұс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Нуриман

Жеміс - жидек пісті,
Қамбаға астық тұсті.
Қызу жұмыс басталды.

Асылым

Думан толы аскарлы
Күз мезгілі басталды.
Күз әуені кеп жетті,
Әнге бөлеп жастарды.

Әлинүр

Нұрға бөлеп өмірді,
Жырга бөлеп көңілді,
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді.

Ақниет

Сап - сары маңай,
Сап - сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Күс кетті қайтып.

Т.Айзере

Қараышы күз келді, күз келді
Жапырақ жауышты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.

Раяна

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімден,
Көз тартады атырап.

Наркессенбі

Ақ сәулеге шомылып,
Жапырақтар жүр ойнап.

Азamat

Берекелі, Мерекелі
Келді жомарт алтын күз.
Қалада да, Далада да,
Жанның бәрі жарқын жүз

Әлимурат

Қуандырып біздерді
Мерекелі күз келді
Кел жемісті алтың күз
Кемелденсін халқымыз

Диана

Астық жеміс жылды
Қамбамызға құйылды

Әли

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шакырады біздерді

Ясмина

Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан — алуан жапырақ
Күзгі бақтар күлімдеп
Көз тартады жалтырап

АЙСҰЛТАН

Еңбек қызып қырларда
Бидай толды қырманға
Алтын таулар секілді
Сап — сары боп тұрганда

Жүргізуші:

Құрметті көпшілік көрermenім,
Жақсылыққа әрдайым артқан сенім
Ақ жол тілеп, үкілі үміттерге
Таныстыру шартына кезек бердім.

Бірінші шартымыз бойынша «Таныстыру» (жұптар өзін өзі таныстырады)
Әділ-қазылар алқасы әр сайыс сайын ұпай сандарыңызды көрсетіп
отырсаңыздар

1-кезең: «Таныстыру» өзін өзі таныстыру

Жүргізуші: Ендігі сайысқа балаларымыз дайын болғанша

Сартай Адина тәрбиеленушісі «Жау-жау, жаңбыр» әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Ханзадаларымыз береншайымдарымызды танып білсек,
сайысымыздың **П бөлімі**. «Өнерлі өрге жүзеге» шартына кезек берейік.
Ал, кімнің өнері бар қаншалықты
Би билеп ал біреуі ән салыпты.

Бүгінгі сайыста бәйге алуға
Сайыскерлер аянбай жан салыпты.
Балаларымыздың өнерлерін тамашалайық.

Би. Барби Кән

Би : «Жаңбыр»

Жүргізуші: III кезеңіміз «Сән әлеміне» қезе берейік.

-Сымбатына сән киім жарасатын,

Аспандағы айменен таласатын.

Өнеріне сай келіп, дайын тұрған

Қыздарымыз бер ұлдарымызға қызығып қарасатын.

Сіздерге жаңаша сән ұлғісін ұсынамыз!

«Сән әлемінде» кезеңі бойынша сән ұлғісінің жаңаша түрлерін
тамашалаңыздар!

Жүргізуші: Қадірлі қауым!

Сайысымыздың III кезеңі «Шебер қолдар» бөліміне кезек берейік.

Он саусағы, ой-қиялыш жарысқан,

Маңдайында талай өнер табысқан.

Ұл-қыздары «Балапан» балабақшаның

Жұлдыздарың жана берсін, алыстан!

«Шеберді шебер қолынан таниды» дегендей,

Сайыскерлеріміздің шеберліктеріне мадақ айтып, бағалап жіберейік!

Хор: «Күз, күз, күз»

Жүргізуші:

Женістер мен женілістен тұратын,

Өмір күрес жеткізе ме мұратын.

Женбедім, женілдім деп ренжімегін

Қатысу да бар женіс, болсаң егер ұфатын.

Келешекте әлі талай сайыстар бар,

Өнерлерің шындалсын, қалыспандар!

Өнерлілер көбейсін күннен күнге

Өмір күрес, әлі талай жарыстырап, - дей келе «Күз ханзадасы мен ханшайымы» байқауының нағыз ханзадасы мен ханшайымын жариялау үшін ортаға қазылар алқасын шақырамыз (марапаттау)


Жүргізуші: Қымбатты көрермендер! Женімпаздарымызға биік шындарды

бағындырып, қонар тұғырлары биіктей берсін дей келіп, кешімізді

аяқтаймыз.

Сайыскерлермен естелік суретке түсуге шақырамын.

Берекелі алтын күз



**"Кұлагер"
ересек тобы
Тәрбиешілер:
Л.Бердіжарова
А.Ешмаханова**

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



Балабақша менгерушісі:
С. Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:

A. Шуиншалиева



Берекелі Алтын күз!

/Алтын күзмерекесінен арналған ертеңгілік/

№9 «Қарлығаш» ересек тобы

Тәрбиешілер: Г. Сейтова
К. Исаева



15.11.2023 жыл

Берекелі Алтын күз!!!

Міндеті: Балаларға мөрекелік көңіл күй сыйлау. Эн, би, тақпактарын ретімен айтуға дағдыландыру.

Ресурстар: Әсем безендірілген зал, күзгі көрініс плакаттары, жапырақтар, көкініс, жеміс жидектер түрлері.

Айзере: Армысыздар, құрметті ата аналар.
Бармысыздар, жадыраған ұстаздар!
Берекелі Алтын күз құтты болсын!

Уа халайық, халайық,
Мұнда назар салайық.
Мерекесі халықтың Алтын күзге арналған,
Ертеңгілігімізді бастайық.

Балаларымызды «Берекелі Алтын күз» еркін биімен қарсы алайық.

БИ: «Берекелі Алтын күз»

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар! Бүгінгі «Берекелі Алтын күз» ертеңгілігімізге өз бактарын сынап біздің КүзХанзада мен Күз Ханшайымдарымыз келіп отыр. Ендеше Күз ханзадаларымен, Күз ханшайымдарымызды қарсы алайық.

1. Сәбитбек Бектас, Болат Жансұлу
2. Серік Нұрислам, Егеубай Айлина
3. Амангелді Санжар, Жұбан Жұпар-ай

Айзере: Ертеңгілігімізді ашу үшін балабақшамыздың менгерушісі **Сауле Мырзабайқызына** сөз кезегін береміз.

Айзере: Рахмет апай.

Күз ханзадасы мен Күз ханшайымының сайысы 4 кезеңнен тұрады.

1.Кезең: Таныстыру.

2.Кезең: Өз өнері

3.Кезең: Сән үлгісі

4. Кезең: Күзгі көрме

Сайысмызды бастамас бұрын қатысушыларымыздың номірлерін белгілеп алайық. Ортадатұрган жапырақты бір-біреуден таңдайды.

Қатысушыларымызды шығарып салайық.

Ендеше құрметті қонақтар Сіздерді әділқазылар алқасымен таныстырып өтейік.

1. _____
2. _____
3. _____

Олай болса, I кезең таныстырыу

1. _____
2. _____
3. _____

Тәрбиеші: Құрметті біздің Ханзадамен Ханшайымдарымыз келесі кезеңге дайын болам дегенше балаларымыздың өнерін тамашалайық.

Би: «Қырманға кел қалқатай» Жігіттер би

Жарайсыздар жігіттер көп рахмет.

II Кезең «Өз өнері»

1. _____
2. _____
3. _____

Құрметті қонақтар «Қарлығаш» тобының балаларының тақпақтарына кезек берсійік.

Тақпақтар:

III Кезең : «Сән үлгісі»

1. _____
2. _____
3. _____

Біздің қатысушыларымыз келесі кезеңге дайындалам дегенше, біздің биші қыздарымызды қарсы алайық.

Би: «Күзгі жапырақтар» би

IV Кезең: «Күзгі көрме»

1. _____
2. _____
3. _____

Әділқазылар алқасы бір шешім шығарам дегенше тобымыздың бүлдіршіндерінің орындауында

Хор: «Күз тамаша»

Аруjan:

Жапқандай жапырағымен іздерді,
Куантып байлығымен ізгі елді.
Бір тойдырып қайту үшін елімізді,
Сабырлы сары алтын күз келді- деп, біз бүгінгі «Берекелі Алтын күз» атты
ернгілігімізді аяқтаймыз. Күздің бізге берер сыйы жылдан жылға көп болсын.
Кош сау, болыңыздар!

Ата-аналардың тілегі.

Берекелі алтын күз



15.11.2023ж



№9 "Карлыгаш"
ересек тобы
тәрбиешілер:
Г.Сейтова
К.Исаева

№11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы

Берекелі

Алтын күз!

(ертеңгілік)

Тобы: «Құлыншак» МАД тобы

Тәрбиешілер: К.Алмат

К.Кунишова

2023- 2024 оку жылы

«Берекелі Алтын күз!»

Би: «Күз ханшайымы»

Хор: «Күз тамаша»

1. Күз келіпті тамаша,
Айналаға қарасақ
Сарғайған көк жапырақ
Сан жетпейді санаңақ

Қайырмасы:

Күз, күз, күз
Сарғаяды даламыз
Біз, біз, біз
Жеміс жинап аламыз.
Күз, күз, күз
Күз мезгілі келгенде
Біз, біз, біз
Біз мектепке барамыз.

2. Жаңбырда көп жауады
Бұлттар көкке ауады.
Жеміс пенен жидектер
Толып түр ғой бар әлі.

Қайырмасы:

3. Мен мұндалап шақырады
Алтын аймақ атырап.
Ағаштардан жауып түр
Қызыл, сары жапырақ.

Қайырмасы:

Ақжан жүргізуши: Алтын, сары, қызыл көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап

Әли жүргізуши: Ән салындар, күліндер,
Жайнап гүлдей жүріндер.
Күздің тойын тойлайық
Би билеп, ән шырқайық.

Күз мерекесіне арналған әнімізді қабыл алыңыздар.

Жеке ән: «Алтын күз келді» Нарұл, Адият, Дәulet, Керейхан

1. Күз мезгілі тамаша
Тамаша, тамаша.
Куанамыз балаша
Біздер балаша
Күз мезгілі әдемі
Әдемі, әдемі
Алтын егін әлемі
Егін әлемі.

Далаға қараши
Алтын күз келді.
Балалар қуанып
Жапырақ терді

2. Сарғаяды жапырақ
Жапырақ, жапырақ
Көз тартады жылтырап
Жерде жылтырап.
Күздің тойын тойлайық
Тойлайық, тойлайық
Би билейік, ойнайық



Билеп ойнайык.

Ақжан жүргізуші: Достар, бүгін менің достарым күз мерекесіне арнаң көрініс әзірлепті. Бірге тамашалаймыз ба? Олай болса, қол соғып ортаға шақырайық.

Сахнада алма ағашы, алмасы бар.

Еңлік, Фараби, Алуа шығып алма тереді

Алма ағашы Бексұлтан:

Жемістердің атасы,
Дәмім балдай татыған.

Риза адам баласы,
Мені жесең бойыңа,
Дәрумендер аласың.

Қоян Ай - Ару:

Ой, мына алманың кереметін-ай!

Мен ақ қоян, ақ қоян,
Зияның жоқ сақ қоян.

Алманы көрдім ағаштан,
Сені алып жеп қоям!

(Қоян әрі секіреді, бері секіреді алманы ала алмай әуреге түседі.)

Қоян Ай - Ару:

Кімнен, көмек сұрасам екен?

Қарға, қарға қарқылдақ,
Даусың шығар санқылдап.

Алманы алып берсөң сен
Мейірімді боласың жарқырап.

Қарға Нұрмұхамед:

Мен қарғамың қарқылдақ,
Ұшамын мен жарқырап.

Бермеймін саған алманы
Жеймін өзім жалғыз-ак.

*Алманы қарға үзгелі жатқанда топ етіп жерге түсіп
домалап кетеді. Қарға мен қоян ізімен жүгіре жөнеледі.
Алманы кірпі ұстап алады.*

Кірпі Аяулым:

Мен кірпімін, кірпімін,
Біреулерге үрпімін.

Өз есемді жібермен
Тиіскенге түрпімін.

Қандай керемет алма!

Қарға мен қоян келеді, алмага таласады.

Қоян Ай - Ару:

Алма менікі, алманы көрген мен.

Қарға Нұрмұхамед:

Алма менікі, алманы үзген мен.

Кірпі Аяулым:

Алма менікі, алманы ұстаған мен.

Аю Рамазан:

Корбандаған аюмын,
Таныдындар ма достарым?

Тәтті бал мен құлпынайды.

Жақсы көремін әрдайым.

Мұнда неге шулап жатсындар?

Кірпі Аяулым:

Біз бір алмага таласып қалдық, оны кім алатынын білмейміз.

Қоян Ай - Ару:

Алма менікі, алманы көрген мен.

Қарға Нұрмұхамед:



Алма менікі, алманы үзген мен.

Кірпі Аяулым:

Алма менікі, алманы ұстаған мен. Сондықтан ол менікі болуы тиіс.

Аю Рамазан:

Болды, болды, дөгарындар. Енді не істесек екен? Аaaa, таптым, біз былай жасайық.
Айналайын жарандар,
Бәрін бермен қарандар.
Таласатын түгі жок,
Беліп же де тараңдар.

Кірпі Аяулым:

Аю аға дұрыс айтады, біз алманы бөліп жейік. Қоян, бұл саған алманы көрген сен. Қарға, бұл саған, алманы үзген сен. Ал бұл маған, алманы ұстап алған мен. Ал бұл аю аға сізге.

Аю Рамазан:

Маған не үшін? Мен алманы көрген жоқпын, мен алманы үзген жоқпын, мен алманы ұстаған жоқпын ғой.

Кірпі Аяулым:

Сіз бізге ақыл айтып татуластырдыңыз. Сіз болмағанда біз бір алмага таласып қалар едік. Сондықтан бір бөлігі сізге.

Аю Рамазан:

Жарайды, онда рахмет!

Ойын: «Не екенін тап»

Адият

Біреу астық түсіріп,
Біреу бидай ұшырып.
Жатқан мезгіл күз екен
Алдым соны түсініп.

Ибраһим

Гүл жайнаған даланың,
Жапырағы солыпты.
Таңырқадым, қарадым,
Танымастай болыпты.

Мырзатай

Куандырып біздерді
Кел жемісті алтын күз,
Өлкеізге күз келді
Кемелденсін халқымыз.

Айсұлтан

Күздің казан айында
Алма, алмұрт піседі.
Жапырактар сарғайып,
Сыбдыр - сыбдыр етеді.

Әл - Фараби

Алтын нұрдай тамшылап,
Жапырактар төгіледі.
Біздін өмір таң шуақ
Біздің өмір көнілді.

Амир

Қараши күз келді, күз келді,
Сары алтын жауыпты іздерді
Құс біткен керүен түзеді,
Көнілсіз неліктен күз енді?



Әли жүргізуші: Алтын күз біз бен сізге шуақ шашсын
Көнілдін серіппелі күйін ашсын.

Бақ пен шаттық бірге қатар қонып
Береке, бірлікпенен ортақтассын

Жігіттердің орындауындағы әсем әнді қабыл алыңыздар

Жеке ән: «Келді міне, жарқын күз» Рамазан, Фараби, Айсұлтан, Ибраһим

1. Келді міне қоныр күздің самалы
Бұлттар төніп, күн сұйтты шамалы.
Келді міне, алтын күз
Келді міне, жарқын күз } 2 рет

2. Алтын күзім берекелі болады
Қамба біткен ақ бидайға толады.
Келді міне, алтын күз
Келді міне, жарқын күз } 2 рет

Тақпақтар: музыка әуенімен балалар ортага

біртіндең келіп тақпақтарын айтады

Бұлт тамшылармен Нұртілек: Қараши күз келді, күз келді

Жапырак жауыпты іздерді.



Күс біткен керуен тізеді
Қара бұлт қабағын түйеді

Жапырактармен Танакөз: Келді міне, күз
Айнала сары түс,
Керемет, тамаша,
Кандай әсем күз

Колшатырмен Ару: Думан толы асқарлы
Күз мезгілі басталды
Күз әуені кеп жетті
Әнге бөлеп жастарды

Себет толы жеміспен Дәulet: Көктемде егін еgetін
Күзде жиып беретін
Біздің дала бай дала
Алтын астық айнала

Себет толы көкөніс Тарғын: Астық жеміс жиылды
Қамбамызға құйылды
Ардақты күз мың алғыс
Алдық өнім сыйынды

Колшатырмен Алуа: Күн сұтын
Жапырактар түседі
Астық жеміс жиылды
Қамбамызға құйылды

Жапырактармен Еңлік: Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Бұлт тамшыларымен Айшабибі: Куандырып біздерді
Кел жемісті алтын күз
Өлкемізге күз келді
Кемелденсін халқымыз

Музыкамен шеңбер бойымен жүріп, орындарына отырады

Ақжан жүргізуши: Отрыныз қол соғып,
Шат күлкіге бөлене,
Көбейді құт, береке,
Құтты болсын мереке

Мың buquerque бишілерді қарсы алыңыздар

Би: «Кавбой» Мырзатай, Нұрмұхамед, Нұртілек, Амир, Эли, Тарғын, Бексұлтан, Магжан

Раяна

О, алақай, тамаша,
Шашу шашады жапырақ.
Бақтың іші алаша,
Аунар ма еді жатып ап!

Данеля

Қыстың жақын қалғанын,
Жапырактар білгендей
Желмен ұшып барады
Жерге қонып үлгермей.

Айзере

Жайдары күз, жарқын күз
Аяулы күз, алтын күз.
Дәнге толы кен далам,
Дариядай шалқар күз.

Нарұл

Күзім-ау, күзім-ау!
Мінезін бұзық-ау
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау!

Керейхан

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды,
Қыс келеді жар салып
Күзгі сұық басталды.

Магжан

Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз.
Бір уыс дән шаштық та,
Қап - қап қауын алдық біз.

Хор: «Күзгі вальс»

1. Мерекелі, берекелі
Келді алтын күз.
Жайма шуақ, күн сәулелі
Келді жарқын күз

Қайырмасы:

Жеміс толы айнала
Астық толды қамбаға
Алтын күзге арналып
Айтылады әнім

2. Арапайық күзгі бақты
Қандай тамаша!
Кел, шырқайық күзгі вальсті
Билеп жараса.

Қайырмасы:

Ақжан жүргізуші: Соңғы шуақ төгіліп,
Салқынданып тұр
аймақ
Ақ сәулеге шашылып
Жапырактар жүр ойнап.

Әли жүргізуші: Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салттымыз
Жинап теріп болған соң
Той жасайды халқымыз
Мол өнімді жинаймыз
Елге бәрін сыйлаймыз – деп, бүгінгі мерекемізді аяқтаймыз.
Келгендеріңіз үшін көп рахмет.

Балаларға сыйлықтар тарату

Дрес код және көрме бойынша ата – аналарды марарапаттау

Естелік үшін фотога тусу





№11 «Баланан» бебекжай-балабакшасы

Жаңа күндердегерушісі:
Мухашова

Тексерілді:
Балабакша әдіскері:
А.Шуиншалиева

Берекелт алтын күз!

/алтын күз мерекесіне арналған ертеңгілік/

№10 «Балауса» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Г.Ургенішбаева

2023-2024 оку жылы

Тақырыбы: «Берекелі алтын күз!»

Міндегі: Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көніл күй сыйлау. Әуенде интонациямен және ыргақты дұрыс жеткізу. Қарапайым би қимылдарын орындау. Ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауда ынталандыру. Сөздік қорды қалыптастыру.

Ресуртар: Бақа атрибуттары, жеміс-көкөніс муляждары т.б

Жүргізуши:

Армысыздар, құрметті ата-аналар! Қадірменді қонақтар және қымбатты балабақша үжымы!

Міне туған өлкемізге алуан түсті жапырақтарын төгіп, ел байлығын арттырып, берекелі күз мезгілі де келіп, бізben бірге екі ай бойы қонақта болып келеді. Ендеше, сондай күз мерекесіне біздің «Балауса» ортаңғы тобының бүлдіршіндері дайындаған

-сазды әуенди

-көнілді би қимылмен

-әсем қалпақтар үлгісімен

-сондай-ақ табиғи қоленерлерін аса қызу дайындықпен дайындаған «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Олай болса, ортаға бүлдіршіндерімізді шақырайық.

Музыка әуенімен балалар залға кіру.

Жүргізуши: Ертеңгілімізді бастамас бұрын сөз кезегін балабақшамыздың менгерушісі Мухашова Сәуле Мырзабайқызына береміз.

Тәрбиеші: Балалар қандай әдемі жер я, айнала қандай түс болып түр?

Осы кезде «Күз ханшайымы» шығады.

Күз ханшайымы:

- Сәлеметсіндерме, балалар? Менің еліме қош келдіңдер!

- Қандай керемет, әдемі болып тұрсындар? Қоңыл күйім бордрай тұр еді, сендерді көріп қуанып қалдым ғой.

Тәрбиеші:

- Сәлеметсізбе, Күз ханшайымы. Біз сізге өз өнерімізді көрсетуге келдік.

Күз ханшайымы:

- Рас айтасындармә, Қандай керемет!

«Бұлақтың әні-сылдыры

Баланың әні –былдыры»-демекші мерекелік ертеңгілімізді хормен бастайық.

Хор: «Құн суытты далада»

Жүргізуши: біздің балаларымызда өнер өте көп. Қазір біздің қыздарымыз «Коңілді бақша» биін билеп береді.

Би: «Коңілді бақша»

Орындаитындар: Мерей, Аяла, Багжан, Нұрай, Айша, Ханшайым, Қ. Амина, Сезім.

Тақпақтарын айтады.

- Жарайсындар қыздар.

Би: «Бақалар»

Орындаитындар: Тобымызың үлдары

Тақпақтарын айтады

Би : «Түрлі түсті жапырақтар»

Орындаитындар: Айзере, Кәусар, Асылым, Медина, Қасиет, М.Амина, С. Амина, Қозайым

Тақпақтарын айтады.

Осы кезде ішке көңілсіз қоян кіреді.

Жүргізуші:

- Қоян саған не болған? Неге көңілсізсің?

Қоян:

- Мен өз сәбіздерімді таба алмай қалдым. Мына жерде бәрі араласып кетіпті.

Жүргізуші: Аа, Қоян, оған көңілін түспесін. Біздің балаларымыз қазір саған көмектесіп жинап береді.

Кимылды ойын: «Сәбіздерді жина»

Міндепті: шапшандылыққа, аңғарымпаздыққа, жемістер мен көкөністерді ажыратада білуге үйрету.

Шарты: араласқан көкөніспен жемістер арасынан сәбізді тауып, себетке салу.

Қоян: қуанып, секіріп-секіріп,

- Көп-көп рахмет балалар сендерге!

Қоян тағыда мұңдайып қалады.

Жүргізуші: Қоянжан саған не болды тағыда?

Бәрі әдемі қалпақ киіп жүр. Менің қалпағым жоқ. Құсуытып келеді.

Жүргізуші: Онында шешімі бар.

Қоян:

- Рас айтасыңба?

Жүргізуші: Әрине, қазір балаларымыз, ортаға өз қолдарымен жасаған әдемі қалпақтарын көрсетеді. Ал, сен солардың ішінен таңдалап, қалағанынды ала ғой.

Қоян:

- Алақай

Жүргізуші: ортаға «Сиқырлы қалпақ» сән үлгісімен балаларды шақырайық.

Музыкамен ұлғілерін көрсетеді.

Коян таңдағанын алады.

Хор: «Күзгі вальс»

Ата-аналарға сөз беру.

Марапаттау.

Жүргізуші :

Берекелі бақ дәulet,

Арта түссін тойланып.

Сау болындар қонақтар!

Келгенише күз айналып!

Берекелі алтын күз



**"Балауса"
ортанғы тобы**